

**БЕКІТЕМІН**  
**Қазақстан Республикасы**

**Білім және ғылым министрлігі**  
**Мектепке дейінгі және орта білім**  
**беру комитетінің төрағасы**

  
Г. Кәрімова  
«\_\_\_» 2022 ж.

**Жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының арасында**  
**респубикалық «Мәшіүр-Жұсіп оқулары» байқауын өткізу**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

**1.1.** Осы Ереже жалпы білім беру үйымдары оқушыларының арасында респубикалық «Мәшіүр-Жұсіп оқулары» байқауын өткізу тәртібін айқындайды.

**1.2. Мәшіүр-Жұсіп оқуларының мақсаттары мен міндеттері:**

- философ-акынның рухани мұрасын дәріптеу, шығармаларында бейнеленген туған жерге сүйіспеншілік, белсенді азаматтық ұстанымды өскелен үрпақта тәрбиелеу; тұлғаның зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Мәшіүр-Жұсіп Көпейұлының туындыларындағы ел мен жерді құрметтеу, аялау, қадіріне жету идеяларын жас үрпақ бойында сініру;
- оқу-білім, өнер үйрену, адамгершілік тақырыптарын негіз еткен туындылары арқылы отансуýер, білімді, рухы берік азаматтарын тәрбиелеу;
- әдебиетті, тіл мен өнерді құрмет тұтатын оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштау;
- ғұлама еңбектерінің ел егемендігінің бастауы болғандығын көрсету;
- акынның әдеби-тариhi деректерге толы шығармалары мен фольклорлық жазбаларындағы ұлттың ұлы тұлғаларымен таныстыру;
- ұлы тұлғалардың істерін келешек үрпаққа ұлғі тұту, ел тарихымен сабактастыра кейіпкердің ерекшеліктеріне бүгінгі күн талаптарына сай сараптама жасай білу.

**2. Республикалық байқау қатысуышылары**

**2.1.** Байқауға оқу тіліне қарамастан, мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы білім беру үйымдарының 8-11 сынып оқушылары қатыса алады.

**2.2.** Республикалық «Мәшіүр-Жұсіп оқулары» байқауына облыстық кезеңінде әр бағыт бойынша Бас жүлде иегерлері қатысады.

**2.3.** Байқауға әрбір облыстар, респубикалық білім беру үйымдарынан, респубикалық маңызы бар қалалардан (әр бағыт бойынша 1 оқушы) 4 (төрт) үміткер ұсынылады. Қатысуышының аты-жөні, облысы, ауданы (қаласы), мектебі, сыныбы, жетекшісінің аты-жөні, телефоны туралы толық мәліметі бар тапсырысты Павлодар облысы білім беру басқармасының «Ертіс дарыны» өнірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығына ertis\_daryn\_pvl@mail.ru (байланыс телефоны 8 (7182) 65-12-65, 32-22-11) жіберу керек.

**Ескерту:** алдыңғы жылдардағы респубикалық «Мәшіүр-Жұсіп оқулары» байқауының женімпаздары бұл байқауға қатыса алмайды.

Респубикалық «Мәшіүр-Жұсіп оқулары» байқауы жыл сайын мамыр айында Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңажол ауылының Мәшіүр-Жұсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінде өткізіледі.

**Ескерту:** байқау қатысушыларының міндетті түрде дәрігерлік анықтамасы (эпидокружение) болуы керек.

### 3. Байқау шарттары

**3.1. «Мәшһүр-Жұсіп оқулары»** байқауы 4 бағыт бойынша өткізіледі.

**I бағыт – «Алдымға өлең жаз деп қағаз келген, Сөзімді сөйлем бақтым мен де білген».** Қатысушы ұсынылған тақырыптың (Мәшһүр-Жұсіптің шығармашылығынан) біріне өз шығармасын арнайды. Өз өрнегі мен ойын ақын ойларына көркем сабактастыра алуы, өлеңдерін мәнерлеп, көркем оқи білуі шарт. Бағалауда өлеңнің идеясы, ақын тақырыбымен үндестігі, өз өрнегі мен көркемдік сипаттары негізге алынады

**II бағыт – «Бас болып өнер білсен, тіпті жақсы».** Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының шығармаларындағы көркем ой, талғам мен түсінік, ұлттық танымның ерекшеліктерін, адамзат, ұлт руханиятындағы мәнімен сабактастыра отырып, **ғылыми зерттеу жобасын** корғау. Жоба шарттары: көлемі 20-25 бет болуы; тақырыптың нақтылығы, өзектілігінің белгіленуі, мақсат-міндеттердің дұрыс қойылуы; қажетті ғылыми, көркем әдебиеттің, т.б. дерек көздерінің жеткілікті болуы және зердеден өткізілуі; тұжырымдардың ғылыми талдануы, әдіс-тәсілдерінің нақтылығы; бөлімдер мен тарауларға дұрыс бөлініп, әр бөлім, тарау бойынша қорытынды жасалуы; қорытындысының дұрыс жасалуы; ғылыми жұмысты қорғауға 5-7 минут уақыт беріледі.

**III бағыт – «Білімді зерек адам болам!» - десен, Қара өзінді басқаның айнасымен».** Ұлы баба шығармаларындағы ойларды кеңейтіп, ұлт тарихымен, ұлттық әдебиет мазмұнымен байланыстырып, **ессе** жазу. Эссе шарттары: құрылымының нақтылығы; кіріспе мен негізгі бөлімнің ара-жігін дұрыс бөліп, ой желісін тарату мен жүйелі баяндауда құрылымдық белгіні сақтай алуы; кіріспеде шығарма тақырыбы туралы әдебиеттегі ойлар мен пікірлер, қоғам үшін қажеттілігі, өмірді, ортаны түсінудегі мәні қамтылуы тиіс; негізгі бөлімде көтерілген мәселелер, тақырыпты ашуға қажет деректер мен дәлелдердің, жүйелі ойлардың болуы; қорытындыда негізгі бөлімдегі алынған нәтижелер мен ойлардың түйіні, тақырыптың маңызы айтылу қажет. Эссе құрылымының шарттары жалпы үлгі ретінде ұсынылады.

**IV бағыт – «Мәшһүр-Жұсіп шығармалары және «Ұлы даланың ұлы есімдері».** Ғұламаның фольклорлық жазбаларындағы ұлттың ұлы тұлғаларын сипаттау. «Хандар мен ел билеушілер», «Батырлар», «Әнші-ақындар», «Бақсы және тылсым күш иелері» жіктеулерінің **бірін қорғау**. Тұлға туралы қандай деректер келтіреді, қандай оқиға арқылы кейіпкерді ашады, оның қандай немесе неше нұсқасы бар т.б. мәліметтерді жинақтап талдауы шарт. Кейіпкерлер галереясын талдай білумен бірге топтау, ерекшеліктерін тану талап етіледі. Қатысушы өзі таңдал алған кейіпкерлер туралы толық мәліметтерді жеткізе білу, талдау мен деректерді жүйелеу, тарихи-әдеби, рухани мәнін аша білу қажет. Қандай жанр және тәсіл арқылы қорғау қатысушылардың өз еркінде.

### 4. Қаржыландыру

**4.1. Республикалық «Мәшһүр-Жұсіп оқулары»** байқауының аудандық (қалалық), облыстық кезеңдерін қаржыландыруды тиісті білім органдары жүзеге асырады.

**4.2.** Республикалық «Мәшһүр-Жұсіп оқулары» байқауы қатысушыларының жол жүру шығындары жіберуші тараптан төленеді.

**4.3.** Байқауға қатысушылардың тамақтануына, жатын орнына байланысты шығындарын Павлодар облысы білім беру басқармасы көтереді.

## **5. Жұмыс органдары**

**5.1.** Республикалық «Мәшһүр-Жұсіп оқулары» байқауын дайындау, өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру мен үйлестіру мақсатында Павлодар облысы білім беру басқармасы бұйрығы негізінде Ұйымдастыру комитеті құрылады.

**5.2.** Республикалық Ұйымдастыру комитетінің мүшелігіне облыс білім беру басқармасының, облыстық мекемелердің қызметкерлері, ЖОО ғалымдары, жергілікті басқару органдарының мамандары енгізіледі.

**5.3.** Республикалық Ұйымдастыру комитеті:

- байқауды өткізу дің жалпы тәртібін белгілейді, тікелей басшылық жасайды;
- байқаудың материалдарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

## **6. Қазылар алқасы**

**6.1.** Республикалық «Мәшһүр-Жұсіп оқулары» байқауы қазылар алқасының құрамы төрағадан, хатшыдан және алқа мүшелерінен тұрады.

**6.2. Қазылар алқасы:**

- қатысушылардың өнерін 10-ұпайлық жүйемен бағалайды;
- қатысушылардың өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- женімпаздарды анықтайды, жүлделі орындарды белгілейді.

## **7. Байқауды қорытындылау және марапаттау рәсімі**

**7.1.** Республикалық «Мәшһүр-Жұсіп оқулары» байқауының қатысушыларын марапаттау рәсімі салтанатты түрде өтеді.

**7.2.** Байқау женімпаздары әр бағыт бойынша «Бас жүлде», I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады, сондай-ақ, 7 жүлделі орын белгіленеді. Сонымен қатар, арнайы номинациялар мен Алғыс хаттар беріледі.